

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың  
меңгерушілеріне арналған  
**«Әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында психологиялық-  
медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі»**

**ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ  
БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....
9. Курстан кейінгі қолдау.....
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....

## 1. Жалпы ережелер

1. «Әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі» атты педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК) меңгерушілерін дәстүрлі аудиториялық форматта оқытуды реттейді.

2. ПМПК меңгерушілері үшін жекелеген біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі инклюзивті білім беруді дамыту және ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕБК) балаларды тексеру және оларға консультация беру бойынша халыққа қызметтер көрсету сапасын арттыру жағдайларында консультациялар қызметін реформалаумен байланысты. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңына сәйкес ПМПК қызметі әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарында олар үшін арнайы оқу жағдайларын жасау мақсатында балалардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтауға бағытталуы керек. Меңгерушілер жаңа әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде консультациялар қызметін ұйымдастыруда қиындықтарға тап болып, инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі жағдайында консультациялар жұмысының әртүрлі мәселелері бойынша біліктілігін арттыруды қажет етеді.

3. Білім беру бағдарламасы ПМПК меңгерушілерінің консультациялар қызметін негізгі бағыттар бойынша ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған: әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде балаларды тексеру, консультация беру, білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтау (бағалау).

## Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
<b>Инклюзивті білім беру</b>	Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы); инклюзивті білім беру – кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі

	(ЮНЕСКО);
<b>Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) адамдар (балалар)</b>	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);
<b>Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)</b>	белгіленген тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктері</b>	онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік;
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</b>	ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;
<b>Мәселелерді бағалау және ЕБҚ бар балаларға көмек көрсетудің медициналық моделі</b>	оқытудың қиындықтарын медициналық диагноздар түрінде бағалау, ал оқыту арнайы білім беру ұйымдарына бөлектету түрінде және даму бұзылыстарын түзетуге негізделген модель;
<b>Мәселелерді бағалау және ЕБҚ бар балаларға көмек көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі</b>	оқу қиындықтарын психологиялық-педагогикалық бағалау және оқушының білім беру қажеттіліктерін анықтау, ал оқытуды арнайы жағдайлар жасау арқылы жалпы білім беру үдерісіне қосуға негізделген модель;
<b>Білім алуға арнайы жағдайлар</b>	онсыз ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық, оқу және өзге де құралдар, тіршілік ету ортасы, психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар;
<b>Психологиялық-педагогикалық диагностика</b>	Мектепте оқытудағы қиындықтардың себептері мен сипатын белгілеуге және дамушы психологиялық көмектің бағыттарын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер, әдістемелер, тестілер кешені;
<b>Оқытудың қиындықтарын</b>	оқу әрекетінің бұзылыстарының себептері, көріністері мен сипатын бағалаудың

<b>психологиялық-педагогикалық жүйелеу</b>	психологиялық-педагогикалық критерийлеріне негізделген оқытудағы әртүрлі қиындықтарды жүйелеу.
<b>Психологиялық-педагогикалық консультация беру</b>	маманның баланың дамуы, оны оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы ақпарат ұсынуы және оларды еңсеру туралы нақты әрекеттер туралы ұсыныстар беруі.

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

## **2. Бағдарламаның тақырыбы**

4. «Әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі» атты біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасының отандық білім беру жүйесінде баламасы жоқ. Бағдарламаның жаңалығы әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде ПМПК меңгерушілерінің қызметінің мазмұны алғаш рет баяндалғандығында. Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасының артықшылығы оны әзірлеуші (А.К.Ерсарина) Арнайы және инклюзивті білім берудің Ұлттық ғылыми-қолданбалы зерттеулер аумағында өзінің ғылыми-тәжірибелік жұмысының нәтижесінде автор әзірлеген «Инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру» атты (2020 ж.) әдістемелік ұсынымдарының авторы-құрастырушысы болып табылады. Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасында алғаш рет әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде балаларды тексеру, консультация беру, білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтау (бағалау) сияқты негізгі бағыттары бойынша ПМПК қызметінің тәртібі мен мазмұны баяндалады.

5. Бағдарламаның тақырыбы 12 тақырыпты зерттеуді қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. ПМПК қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің негізгі бағыттары. Мәселелерді бағалау, ЕБҚ бар балаларға көмек көрсетудің медициналық және әлеуметтік-педагогикалық моделі. ПМПК қызметін ұйымдастыру қағидаттары.

3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары. ЕБҚ балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

4-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің түрлері. ПМПК жағдайында білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау критерийлері.

5-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары. ПМПК-да кешенді

тексеру мен кеңес берудің жалпы қағидаттары мен тәртібі.

6-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары.

7-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары.

8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары.

9-тақырып. Аутизмі бар балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары.

10-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі және оны ПМПК-да психологиялық-педагогикалық диагностика барысында қолдану.

11-тақырып. Білім беру ұйымдарының менеджменті. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ПМПК-да статистикалық есепке алу.

12-тақырып. ПМПК-ның ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау және олар үшін арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыру бойынша білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен өзара әрекеттесуі.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасының мақсаты – әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде балаларды тексеру, кеңес беру, білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау (бағалау) негізгі бағыттары бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың меңгерушілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) ПМПК-ның балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, кеңес беру және білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау бойынша қызметін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінің білім беру саласындағы нормалары туралы тыңдаушылардың бойында білімдерін пайдалану қабілетін қалыптастыру;

2) мәселелерді бағалау және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетуге қатысты әлеуметтік-педагогикалық көзқарас негізінде инклюзивті білім беру жүйесінде ПМПК қызметін ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен қағидаттарын ашу;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары; оқыту қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жүйелеумен таныстыру;

4) белгіленген критерийлер және пәнаралық көзқарас қағидаттарына

сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы, сондай-ақ аутизмі бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламаларымен (алгоритмдерімен) таныстыру;

6) ПМПК қызметінің менеджменті, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың статистикалық есебін ұйымдастыру туралы түсінік беру;

7) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау және оларға арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыру бойынша ПМПК-ның білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен өзара іс-әрекет және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру.

8. Оқудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, кеңес беру және білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау бойынша ПМПК қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті;

2) мәселелерді бағалау және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетуде әлеуметтік-педагогикалық тәсіл негізінде инклюзивті білім беру жүйесіндегі ПМПК қызметінің бағыттары мен қағидаттарын біледі;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары; оқытудағы қиындықтардың түрлері мен себептерін ажыратады;

4) белгіленген критерийлер және пәнаралық көзқарас қағидаттарына сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдыларын меңгереді;

5) әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ аутизмі бар балаларды ПМПК-да тексеру және оларға кеңес беру бағдарламаларын (алгоритмдерін) біледі;

6) ПМПК қызметінің менеджменті туралы түсініктері, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды статистикалық есепке алуды ұйымдастыру дағдылары бар;

7) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау және оларға арнайы оқыту жағдайларын ұйымдастыру бойынша ПМПК-мен білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен тиімді өзара іс-әрекет жасауға қабілетті.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру.

Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы, 2006; 1994 жылғы Саламанка декларациясы және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіздеме: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Жалпы білім беру, арнаулы ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары, «Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету және тексеру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары және басқа да өзекті нормативтік құжаттар.

Білім беру ұйымдарының менеджменті: білім берудегі менеджменттің негізгі ұғымдары; ПМПК қызметінің менеджментінің ерекшеліктері. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың статистикалық есебін ұйымдастыру және жүргізу. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы жағдайлар ұйымдастыру. Жалпы білім беру ұйымдарындағы білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау алгоритмі.

#### 11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар топтарының сипаттамасы: дамуында бұзылыстары бар балалар; жекелеген психикалық қызметтерінің бұзылыстарымен байланысты оқуда қиындықтары бар балалар; мінез-құлығы және эмоциялық мәселелері (аса белсенділік және зейін тапшылығы, аутистік спектрдегі бұзылыстар) бар балалар; білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау Қағидаларында ұсынылған білім беруде ерекше қажеттіліктері қолайсыз – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени факторларға байланысты пайда болатын балалар.

10-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктелісі және оны ПМПК-да психологиялық-педагогикалық диагностика барысында қолдану. Төмендегілермен байланысты оқытудың негізгі қиындықтарының қысқаша сипаттамасы: жұмыс қабілеттілігінің төмендігі (жұмысқа баяу кірісу; сабақ барысында немесе күні бойы қабілетінің тез сарқылуы немесе ауытқуы); қызметті ерікті түрде реттеу, жоспарлау және бақылаудың жеткіліксіздігі (жоғары түрде алаңдаушылық, жүріп-тұрудағы мазасыздық және импульсивтілік; тапсырманы орындауға кірісу, ол жағдайда бағдарлау және мақсатты сақтау қиындықтары және т.б.); есту-сөйлеу ақпаратын өңдеудегі қиындықтар (толық және жылдам сөйлеуді баяу қабылдау. Сұрақты түсіну



үшін уақыт керек. Есту жүктемесі кезінде шаршау – есту зейінінің төмендеуі – сөйлеу тілін түсінудегі қиындықтар); көру арқылы және көру-кеңістік ақпаратты өңдеу қиындықтары (кеңістіктегіні бағдарлау және кеңістіктегі қатынастарды білдіретін сөздерді түсіну қиындықтары: оңға-солға, алдында-артында; үстінде-астында. Қағаз бетіндегіні бағдарлау қиындықтары, жолдың басын табу, жолды сақтау және т.б.). ПМПК-да психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру барысында балаларды оқытудағы қиындықтарды анықтау және бағалау.

## 12. Мазмұндық модуль:

2-тақырып. Инклюзивті білім беру және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қызметі. Мәселелерді бағалау және ЕБҚ балаларға көмек көрсетудің медициналық және әлеуметтік-педагогикалық моделін салыстыру. Медициналық модель оқытудағы мәселелерді баладағы бұзылыстардан көреді; даму мәселелері мен оқудағы қиындықтарды бағалау медициналық диагноздар түрінде, ал оқыту – арнайы білім беру ұйымдарында бөлектету және дамудағы бұзылыстарды түзету ретінде белгіленген. Әлеуметтік-педагогикалық модель баланы оқытудағы қиындықтарды қоршаған орта факторларымен байланыстырады, бағалау білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтауға бағытталған, оқыту ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беру үдерісіне қосу және олар үшін арнайы оқу жағдайларын жасауды қамтиды.

Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің негізгі бағыттары. ПМПК қызметін ұйымдастыру қағидаттары: пәнаралық, отбасыға бағытталған және әлеуметтік-педагогикалық тәсілдер. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік-педагогикалық жүйелеу: есту қабілетінде бұзылыстары бар (нашар еститін және естімейтін), көру қабілетінде бұзылыстары бар (нашар көретін және көрмейтін), зияты, сөйлеу тілі, тірек-қимыл аппараты, қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесуде (аутизмі бар); мінез-құлығында бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, күрделі бұзылыстары бар балалар.

4-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің түрлері. ПМПК жағдайында білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау критерийлері. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау Қағидаларында белгіленген критерийлер негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы: 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту; 2) оқытудың вариативті, арнайы және баламалы әдістердің қолдану; 3) оқу нәтижелерін (оқушының жетістіктерін), критерийлер мен бағалау материалдарын бағалау тәсілдерін өзгерту; 4) оқулықтар, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау; 5) оқыту нысанын таңдау; 6) кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу; 7) баланы қажетті компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету; 8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету (логопед, психолог, арнайы

педагог: олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-ассистент, әлеуметтік педагог).

Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдаудың арнайы жағдайларын ұйымдастыру бойынша ПМПК ұсынымдарын дайындау.

### 13. Технологиялық модуль.

6-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға консультация беру бағдарламалары. Тексерудің жалпы тәртібі мен кезеңдері: отбасының сұранысы мен шағымдары; медициналық және әлеуметтік-психологиялық анамнезді жинау, кешенді тексеру, тексеру нәтижелерін талдау және қорыту; білім беру қажеттіліктерін бағалау, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын дайындау; отбасына кеңес беру.

Ерте жастағы балаларды кешенді тексеруге байланысты шарттар, жабдықтар, ынталандырушы ойын материалы және қойылатын талаптар. Ерте жастағы балаларды медициналық және психологиялық-педагогикалық тексеру алгоритмі. Ерте жастағы балаларды тексеру әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Ерте жастағы баланың дене және психикалық дамуының барлық аспектілерін бағалау параметрлері мен критерийлері. Ерте жастағы баланың психикалық дамуындағы бұзылыстарының жіктелуі: ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау. Ерте жастағы баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшелігі. Жеке кеңес беру және дамудың үйге арналған бағдарламаларын дайындау.

7-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және кеңес беру бағдарламалары. Мектепке дейінгі жастағы балаларды кешенді тексеруге байланысты шарттар, жабдықтар, ынталандырушы ойын материалы және қойылатын талаптар. Мектепке дейінгі жастағы балаларды медициналық және психологиялық-педагогикалық тексеру алгоритмі. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тексеру әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Мектепке дейінгі жастағы баланың дене және психикалық дамуының барлық аспектілерін бағалау параметрлері мен критерийлері. Мектепке дейінгі жастағы баланың психикалық дамуындағы бұзылыстардың жіктелуі: ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын дайындау. Мектепке дейінгі жастағы баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшелігі. Жеке кеңес беру және ауыр түрдегі бұзылыстары бар (мүгедектігі бар) балалар үшін үйге арналған бағдарламаларын дайындау.

8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары. Мектеп жасындағы балаларды кешенді тексеруге байланысты шарттар, жабдықтар, ынталандырушы материалы және қойылатын талаптар. Мектеп жасындағы балаларды медициналық және психологиялық-педагогикалық тексеру алгоритмі. Мектеп жасындағы балаларды тексеру

әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Мектеп жасындағы баланың танымдық, эмоциялық-ерік саласын бағалау параметрлері мен критерийлері. Психологиялық-педагогикалық жүйелеуге сәйкес психикалық даму бұзылыстары мен оқу қиындықтарының біліктілігі: ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау. Мектеп жасындағы баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшелігі. Ата-аналар, мұғалімдер, білім беру ұйымдарының мамандарына баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту бойынша жеке кеңес беру және жеке ұсынымдар жасау.

9-тақырып. Аутизмі бар балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға кеңес беру бағдарламалары.

Аутизмі бар балаларды кешенді тексеру жүргізу шарттары, жабдықтары, ынталандырушы ойын материалы және қойылатын талаптар. Аутизмі бар балаларды жасына және аутистік бұзылысының ауырлығына байланысты медициналық және психологиялық-педагогикалық тексеру алгоритмі. Аутизмі бар балаларды тексеру әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Баланың дене және психикалық дамуының барлық аспектілері, сондай-ақ қарым-қатынас жасауы, әлеуметтік өзара әрекет етуі және стереотиптік мінез-құлқын бағалау параметрлері мен критерийлері. Аутизм кезіндегі психикалық даму бұзылыстарының біліктілігі: ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау. Аутизмі бар баланың отбасына кеңес беру алгоритмі мен ерекшелігі. Жеке кеңес беру және дамудың үйге арналған бағдарламаларын жасау.

14. Вариативті модуль.

11-тақырып. Білім беру ұйымдарының менеджменті. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ПМПК-да статистикалық есепке алу.

12-тақырып. ПМПК-ның ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау және олар үшін арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыру бойынша білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен өзара әрекеттесуі.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

15. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 72 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн) оқыту форматында жүзеге асырылады.

17. Білім беру процесі оқытудың мынадай интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтардағы тренинг, шеберлік сыныбы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу.

18. ПМПК меңгерушілерінің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, кейіннен оны талқылау және рефлексия; құжаттармен жұмыс; шағын топтарда теория мен кейс-стадидің негізгі мәселелерін талқылау, кейіннен ұжымдық жұмыстардың

тұсаукесері, меңгерушілердің командалық жұмыстарының тренингі қарастырылған.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

16. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктерін терең бағалау мен нәтижелерін талдауға арналған үлестірімелі материалдар. Кешенді зерттеу нәтижелері бойынша ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау үдерісін көрсететін үлестірімелі материалдар;
- 3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) меңгерушілері мен мамандарының (психолог, логопед, арнайы педагог қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмыс мазмұнын ашатын құжаттама пакеті;
- 4) ЕБҚ балалардың әртүрлі санаттары үшін ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарының үлгілері;
- 5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың бойында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау, Бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы бақылау жұмысын (өздік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) әзірлейді. Кері байланыс жасау үшін Бағдарламаның әрбір тақырыбы аумағында қорытынды бақылау жұмысы орындалады. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, бейне материалдар және т.б.) таңдалады, Бағдарлама мазмұнына қосымша түсіндірулер жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысын орындау мынадай критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалған жоқ (дұрыс жауаптар ұсынылған жоқ), ішінара орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толықтай орындалды (дұрыс жауаптар 70-100% аралығында). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70% жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының

нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңестер мазмұны жоспарланады.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық кеңес беру (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік және нормативтік-құқықтық қолдау;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

## **10. Негізгі әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (10.06.2020 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы.

4. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы - ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346 қаулысының редакциясында.

5. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 ж. № 121 бұйрығының редакциясында).

6. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

7. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

8. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға және ересектерге арналған қосымша

білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. 7-қосымша. Орта білім беру арнайы ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

9. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету және тексеру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы.

10. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

11. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы 2018 жылғы 14 маусымдағы өзгерістермен.

12 «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.

13. Диагностика психического развития в раннем детстве/Р.А. Сулейменованың жалпы ред. 3-ші бас. Оқу-әдістемелік құрал, Алматы 2014.

14. Психолого-медико-педагогическое обследование детей дошкольного и младшего школьного возраста/п.ғ.к. Р.А. Сулейменованың жалпы редакциялығымен: Оқу-әдістемелік құрал. 3-ші бас. – Алматы, 2014.

15. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций /құрастырушы-авторлар Ерсарина А.К., Айтжанова Р.К. – Алматы, 2011.

16. Диагностика проблем обучения и воспитания детей раннего дошкольного и школьного возраста. Методические рекомендации для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций/құраст-автор Ерсарина А.К., Алматы, 2014.

17. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. – Алматы, 2019. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

18. Ерсарина А.К. Психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных организациях. – Алматы, 2022 [<https://www.special-edu.kz/> электрондық ресурсы]

## Қосымша әдебиеттер тізімі

19. «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы саясат және практикалық қызмет қағидаттары туралы» Саламанка декларациясы, 1995.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта) ҚР БҒМ 2020.05.05 № 182 бұйрығының редакциясында.

21. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.

22. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. – Алматы, 2019 – 106-б. [<https://www.special-edu.kz/> электрондық ресурсы]

23. Елисеева И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: әдіст. ұсынымдар. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2021, 62-б. [<https://www.special-edu.kz/> электрондық ресурсы]

24. Ерсарина А.К., Айтжанова Р.К. Диагностика нарушений психофизического развития у детей. Ч.3. Клиническая и психоого-педагогическая классификация речевых нарушений у детей. ПМПК мамандарына арналған ақпараттық-әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, 2010.

25. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: әдіст. ұсынымдар/Е.В.Егорова, Ж.Б.Аханова, Д.Х.Култаев. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2022. <https://www.special-edu.kz/>

26. Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (деңгейлік тәсіл): әдіст. ұсынымдар/И.Г.Елисеева, Ж.Б.Аханова. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2020. <https://www.special-edu.kz/>